

Геологиялық-геодезиялық ақпарат туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 7 қарашадағы N 344 Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2005.07.13. N 193-ө Өкімімен

Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2005.07.13. N 193-ө Өкімімен .

"Каспий теңізінің Қазақстандық бөлігінде көмірсутегі шикізатын өндіруді қалыптастыру мен дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 ақпандағы N 97 қаулысына сәйкес және стратегиялық маңызы бар мәліметтерге қол жеткізуді шектеу мақсатында:

1. Каспий теңізінің Қазақстан бөлігі жөніндегі геологиялық-геодезиялық ақпаратты "Қазақстанкаспийшельф" АҚ уақытша сақтауға қалдыру туралы ұсынысқа келісім берілсін.

2. "Қазақстанкаспийшельф" АҚ көрсетілген ақпаратты сақтаудың қажетті жағдайларын қамтамасыз етсін және уәкілетті органның нұсқауы бойынша ғана жер қойнауын пайдалану құқығын алуға талап қылушы заңды тұлғаларға онымен танысуға рұқсат етсін.

Премьер-Министр